



№36 (10026)  
7 мамыр,  
сейсенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық аземімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Бейбітшілік бәрінен маңызды



Оқушы кезімізде Жеңіс күні қарсаңында үлкен шара өтетін, майдан даласындағы соғыстан қойылым қоятынбыз. Сонда Дауылбай деген қарт атамның әлгі қойылымды соңына дейін жеткізбей тыйып тастағаны бар. Кейін атамның соғыс кезіндегі қиыншылықтар жайында сауал жолдаймыз. Бірақ ешқайсысына жарытып жауап алмаймыз. Ол кезде біз не білеміз, «Мына кісі өзі соғысқа қатысқан ба?» деп іштей ренжитіміз. Сөйтсек, байғұс ақсақал ұрыс даласындағы қиын күндерді есіне алғысы келмейді екен ғой. Бейбітшіліктің бәрінен маңызды екенін олардан артық кім түсінсін?!

Соғыс атаулының барлығы адамзатқа қасірет әкелген. Әсіресе 1941 жылдың 22 маусымында кенеттен басталған Ұлы Отан соғысының зардабы орасан. Бұл кеңес одағында қалыптасқан жағдайды барынша шиеленістіріп, елді орасан зор саяси-экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға алып келді. Соғыс оты тұтанған сәттен Жалағаш ауданының экономикасы мен ауыл шаруашылығы тез арада соғыс жағдайына бейімделіп, ел ішінде темірдей тәртіп орнады.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жерімізді, елімізді фашистік басқыншылардан қорғаған аталарымыз бен аналарымыздың ерлігі қашанда ел жадында жаңғыра бермек.

Жоғарыда айтқанымыздай, қай кезде де соғыс адамзатқа тек қасірет алып келді. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат ақыл-ойының ең соңғы жетістіктері пайдаланылған, әлем халықтарына аса ауыр қасірет алып келген соғыс болғаны тарихтан белгілі. Жалағаш ауданынан соғысқа аттанған 2316 азаматтың 695-і ғана елге оралды. 1621 жауынгердің сүйегі жат жерде қалды. Қазір олардың жауынгерлік жорық жолы, ерлік рухы кейінгі ұрпақты, бүгінгі жас Отан қорғаушыларды асқақ арман мен ерлікке бастап келеді.

Жыл өткен сайын қатары сиреп бара жатқан тыл ардагерлері де сол тұста «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен қажырлы еңбек етті. Сондықтан олардың да бұл жеңісте айтарлықтай қолтаңбасы бар. Олардың егіс даласы мен зауыт-фабрикалардағы жанқиярлық ерлікке толы еңбегі қандай құрметке болса да лайық.

1941 жылдың 22 маусымында таңғы сағат 4 кезінде фашистік Германия әскері КСРО-ның Батыс шекарасына басып кірді. Осылайша Ұлы Отан соғысы басталды.

ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ.

### Тағзым

## Тылда еңбек еткен, есімі елге жеткен

Соғыс... Осы бір сөз айтылғанда майданнан оралмаған оғландарын зарлана еске алып, бір Құдайға аманаттап отыратын, қайғыдан қан жұтқан қайран ана, жар, апа-қарындастың қасіреті елестейді. Иә, Ұлы Отан соғысына ауылдан талай боздақ аттанып, ел мен жер, бейбітшілік үшін жан берісіп, жан алысқаны айтпасақ та белгілі. Қолына қару ұстағаны майданға аттанса, қарттар мен әйелдер, бала-шаға майдан арсеналына айналып, тылда аянбай еңбек етті. Ұрыс даласында атылған оққа қарсы тұрмаса да, тылда еңбек еткен батырларымыз ашаршылықты, адам төзгісіз жұмысты басынан өткерді. Сондықтан Ұлы Жеңіске тыл ардагерлерінің қосқан үлесі өте зор. Соның бірі – аудан тұрғыны, тыл ардагері Күлбағирам Тұрсынбаева.



Мереке қарсаңында редакция ұжымы әжеміздің шаңырағына атбасын бұрып, сұхбаттасуды жөн көрдік. 90 жасқа таяған әжеміз аулада үй тіршілігімен айналысып жүр екен. Бізді көрген әжеміз балаша қуанып қалды. «Соғысқа әкем Мұхтар Тұрсынбаевты және ауылдың ер-азаматтарын алып кетті. Ауылда бас көтеретін ешкім жоқ, ылғи көмбір-шалдар, қыз-келіншектер мен бала-шаға қалған. Мен соғыс бас-

жөнелтетін» деп бастады әңгімесін Күлбағирам әже.

«Өмір – таусылмайтын күрес» демекші, әжеміздің бейнеттің ащы дәмін татып, тынбай еңбектеніп келе жатқан жанның бірі екенін әңгімесінен байқадық. Әрине, әжеміз айтты отырған бұл деректер біз үшін өртегі секілді, бірақ сонысымен өте қызықты еді. Сондықтан әжеме сұрақ қоя отырып, әңгімесін ары қарай жалғауын өтіндік. Кейіпкеріміз тағы да біраз ойға шомып, әңгімесін жалғай берді.

– Анам алқаптан бір уыс тарыны қалтасына салып, үйге алып келіпті. Әрине, бар аналық ойы сол тарыны дірменнен өткізіп, балаларына талқан дайындап беру болса керек. Бірақ бригадир біліп, бір түйрін де қалдырмай, алып қойыпты. Сонда анам да, біз де қыңқ еткен дауыс шығармай, ісімізге ұялып, бригадирден кешірім сұрадық. Қазір ойласам, не деген жанкештілік, патриотизм деймін. Иә, анамыз кешқұрым 2 түйір жүгеріні дірменнен өткізіп, бізге сол ұннан нан жауып беретін. «Еңбектің наны төтті» демекші, үйдегі бала-шаға таласып-тармасып жеп қоятынбыз, – дейді тыл ардагері.

Қаншама қиын күндерді артқа тастап, 1945 жылы қасіретті соғыс та аяқталды. Күлбағирам әжеміздің әкесі соғысқа 1942 жылы аттанып, 1946 жылы елге оралған. Әжеміз сол кезде небәрі 2-3 сыныптың оқушысы екен.

Соғыстың қайда болғанын, қай жерде жараланғанын, бомбаның астынан қалай аман қалғанын, соғыстан кейін ауылды дамытуда бойындағы бар күш-жігерін салғаны туралы әкесінің әңгімелерін кейіпкеріміз тыңдап өсіпті.

Иә, батыр әжеміз өткен қиыншылықтардың қайтарымы ретінде қазіргі таңда балаларының, немере-шөберелерінің ортасында өмір сүріп отырғанына шүкіршілік етеді. Бүгінде әжеміздің 30-дан астам немере-шөбересі бар. Балалық шағының алаңсыз күндерін ұрпаған сұм соғысты есіне де алғысы келмейді.

Ол соғыстан кейінгі жылдары жоғары білім алып, ауданымыздың білім саласының дамуына үлес қосады. Аудандағы Т.Жүргенов атындағы дарынды балалар мектебінде 35 жыл бойы ұстаздық етіп, мықты тулғаларды тәрбиелеген. Батыр анамыздың тек бір ғана арманы бар, ол «Кейінгі ұрпақ соғыс көрмей, тек бейбітшілікте өмір сүрсе екен» дейді.

«Ер есімі – ел есінде». Сұрапыл соғыстың ардагерлерінің есімі тарихтың парағына алтын әріптермен мәңгіге жазылып қалары анық. Көзі тірісінде құрмет көрсетіп, сыйлай білу – кейінгі ұрпақ, біздің парыз. Сұхбат соңында ақжаулықты әжемізден бата алып, көкірегіміз рухқа толы күйде редакцияға жол тарттық.

Жандос ЖАЗКЕН



## Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ халқы – жауынгер халық. Біздің ата-бабаларымыз ұлан байтақ жерімізді, елімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ғана емес, ақылымен де қорғаған. Халқымызда ықылым заманнан ел қорғаны болу – әрбір азаматтың қасиетті парызы саналған. Сан алапат майдандарды басынан өткерген тарпаң тағдырлы қазақ халқы туған жерінің әрбір сүйемін жан алып, жан берісіп қорғаған. Сөйтіп кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырған.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жерімізді, елімізді фашистік басқыншылардан қорғаған аталарымыз бен әкелеріміз, аналарымыз – біздің мақтанышымыз! Олардың жүріп өткен жолы – ерлік пен парасат жолы. Қай кезде де, қандай қоғамда да соғыс адамзатқа тек қасірет алып келген. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат ақыл-ойының ең соңғы жетістіктері пайдаланылған, әлем халықтарына аса ауыр қасірет алып келген соғыс болғаны тарихтан белгілі.

Жалағаш ауданынан соғысқа аттанған 2316 азаматтың 695-і ғана елге аман-сау оралса, 1621-нің сүйегі жат жерде қалды. Қазір ауданда майдангер аталарымыз бен әкелерімізден ешкім қалған жоқ. Бірақ олардың жауынгерлік жорық жолдары, ерлік рухы кейінгі ұрпақтың, бүгінгі жас Отан қорғаушыларды ерқашан асқақ арман-мұраттар мен ерлікке бастап келеді.

Жыл өткен сайын қатары сиреп бара жатқан тыл ардагерлері! Сіздердің «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұран аясындағы егіс даласы мен зауыт-фабрикалардағы жанқиярлық ерлік еңбектеріңіз қандай құрметке болса да лайық. Сіздерді де Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын! Сіздер жүріп өткен жол – елдік пен ерлік жолы.

Құрметті жалағаштықтар!

Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс мерекесі баршаңызға тағы да құттық болсын. Отбастарыңызға береке-бірлік, шаттық тілеймін. Еліміздегі бейбіт өмірді қорғау – әрбір қазақстандық азаматтың міндеті. Енді соғыс болмасын, біз дүние жүзі халықтарына бейбітшілік тілейміз, елімізде тыныштық, әлемде баянды бейбітшілік болсын!

Құрметпен, аудан әкімі  
Ардақ ИБРАИМОВ

# 2 АЙБЫН

## Отан отбасынан басталады

**БІР ЖЫЛДА ЕКІ АҒАМ ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ, ОЛАРДАН ТОҚСАН САЙЫН ХАТ КЕЛЕДІ. ӘЛПІ ХАТТЫ ОТБАСЫМЫЗБЕН ОТЫРЫП ОҚЫҒАНДА АНАМЫЗ ЕРІКСІЗ КӨЗІНЕ ЖАС АЛАТЫН. ӘЛБЕТТЕ, ҚУАНЫШТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ ҒОЙ, БАЛАСЫНЫҢ ҮЛКЕН АЗАМАТ БОЛҒАНЫНА МАРҚАЯДЫ. АНАМЫЗДЫҢ СЫҢСУЫ СОЗЫЛА БАСТАСА, ӘКЕМІЗ «ЖАМАНДЫҚТЫ ШАҚЫРМАЙ ОТЫР» ДЕП ТЫЙЫП ТАСТАЙТЫН.**



Екі жылдан кейін ағаларым бірінен кейін бірі әскерден оралды, бойларында айтарлықтай өзгеріс бар, бұрын таңнан кешке дейін үйде болатын ортаншы ағамда баяғы жатыс жоқ. Келе салып ауылдың қайнаған жұмысына кірісіп кетті. Ауланың қоршауын жаңалап, қоранын шаруасын қоса атқарады. Үлкен ағамда да баяғы күлкі жоқ, айтарлықтай жиналған. Не керек, екеуін де әскери өмір екі-ақ жылда ширатқаны көрініп тұр.

Біз ағамыздан алған әскери бас киімді көшеде киіп жүруді мақтан тұтамыз. Залдың төрінде тұрған әскери киімді қайта-қайта қызықтаймыз. Сонда ішімізді бір патриоттық сезім билейтін, «мен де ағам сияқты өскенде Отан қорғаймын» деген мақсат бізді алға жетелеген. Ол кезде әскерден келген адамға елдің құрметі де бөлек еді. Ауыл жастары жиналып, әскери өмірді сұрап ағамызды ортаға алады. Ол жаста ойын баласына мұндай бақыт бұйырып па?! Әлгі ортада сөзінің үтір-нүктесіне дейін қалдырмай ұйытатын ағаларымыз біз сұрағанда қысқа қайырады.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімшесінің бастығы Ерсайын Бегімқұловтың «Әскери өмір азаматты жауапкершілікке, еңбексүйшілікке үйретеді» деген сөзі өткен шақты көз алдыма әкелді. Расында солай екен, қазір де ауылда жүрген баланың әскерге барып келгеннен кейінгі өзгерісі бірден білінбейді. Салмақтылық, жауапкершілік, табандылық, еңбекқорлық, тізе берсең, осындай жақсы қасиеттердің барлығы Отан алдында борышын өтеген баланың бойында

тұнып тұрады. Бір сөзбен айтқанда, әскери өмірде шыңдалған бала мен қарапайым адамның айырмашылығы анық байқалады.

Бұрын ауданда әскерге бару үшін медициналық тексерістен өтпей қалған балалар намыстанатын. Кейбірін тіпті бойында анықталған кемшілікті түзеу үшін ауылға қайтпап жатып алған кездері де болды. Олар үшін әскери өмір арман еді, бар мақсаты Отан қорғау болатын.

Қазір ше, сіз қазір де түсінік «баяғы қалпында» дей аласыз ба? Бірлі-жарым болмаса, қазіргі жастармен бұрынғы жастардың әскери өмірге қатысты түсінігінде айтарлықтай айырмашылық бар. Бұған негіз де жоқ емес. Ата-аналар әскердегі қайғылы жағдайларға қатысты ақпаратты қарап, баласына уайым шегеді. Балаларда да мұндай уайым жоқ емес. Бірақ оларда көбіне «Бір жыл өмірімді босқа өткізіп не істеймін?» деген сауал бар. Міне, осыдан-ақ олардың әскери өмірге деген көзқарасын ұғу қиын емес.

Түсінген адамға сол әскерде болған уақыт – баланың ең бақытты шағы. Себебі ол өз-өзіне қойған сауалдай босқа өткен уақыт емес, сен таңнан кешке дейін, түннен таңға дейін уақытпен санаспай Отан қорғайсың, сол тұста қатарластарыңның, ата-анаңның, жұртыңның уайымсыз ұйқыда жатқанын еске

алсаң, соның барлығы сенің уақыт-әскери өмірде шыңдалған бала мен қарапайым адамның айырмашылығы анық байқалады. Мен оларды «әлгідей сауал мазалайды» деп бекер айтып отырғаным жоқ, әскерге бармаған балалардың көбісіне сауал қойғанымда осы сұрақты өзіме кері қайырғаны бар. Бастапқыда «мынаның түсінігі қалай?» деп бір-екеуіне кейінгі де өтірік емес. Кейін жаттанды сауал өзіме қайта қойыла бергеніш іштей ренжітін болдым. Тағы да қайталап айтамын, негізінен азаматтың ең бақытты уақыты – әскери өмір.

Ерекен жолыққан сайын «Жалпы жалағаштық жастардың әскерге баруға ынтасы қалай?» деген сауалды жиі қоямын. Сөзінше, аудан жастары Отан қорғауда белсенді екен. Бұған бір қуандық, екіншіден, ел болғасын ол тәртіптен жүргізіп келмейтіндері тағы болады. Бұлармен де түсіндірме жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Нәтижесін көріп тағы қуандық, жыл сайын ауданнан жүзге жуық бала Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады екен. Былдың өзінде көктемде 30 азамат ауданнан әскерге аттанған.

Қазір әскердегі сарбаздарға бір-қатар жеңілдік қарастырылыпты. Оларды тіпті әскери билет қолына тиісімен жұмысқа шақыратындар жоқ емес. Әсіресе мұндай жұмыс

осы салада жетіп артылады. Осыған дейін әскер қатарында болған жалағаштық жастардың көбісі әр салада қажырлы еңбек етіп жатыр. Бір жағынан әскерден келген балаға ЖОО-да білім алуы үшін ҰБТ тапсыруы міндетті емес. Ал әскери өмірде жақсы тәртібімен көзге түскен балалардың ЖОО-да мемлекеттік грантпен білім алуына арнайы сертификат беріледі. Осыған дейін мұндай мүмкіндікке ауданнан 7 азамат ие болған. Сондай-ақ ауданнан аттанған бірқатар азамат спорттық сайыстарда көш бастап, дүбірлі додаларда топ жарған.

Ерекен өзі әскери саланың адамы ғой, әсіресе әскерде болған бала мен қарапайым қоғамда жүрген азаматтың айырмашылығын олар бірінші байқайды. Бала болсақ та ағамыздың бойынан өзгерісті сезген мен сияқты өзіме «сен әскерде болмағаның-ау, иә?!» дегенде ұяттан жерге кірдім.

Жалпы Отан алдындағы борышынды өтеу кез келген адамның бірінші мақсаты болуы керек. Себебі тәуелсіз мемлекеттің болашағы жастардың қолында. Ата-аналар да баланы осы мақсатқа тәрбиелесе игі. Себебі Отан отбасынан басталады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

### Маман мерейі

## Жұмысы жүйелі, ісі тиянақты

Мұрат Ертуғановтың аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінде жұмыс істеп жатқанына біраз уақыт болды. Салада 25 жылдық тәжірибесі бар қажырлы маман жастардың Отан алдындағы борышын өтеуіне жол ашып, олардың әскери өмірде шыңдалуына қолғабыс етуде. Қазір әскер қатарында болған балалардың алды әр салада қажырлы еңбек етіп жатыр. Бірақ олар әлі күнге дейін ақыл-кеңес беріп, олардың өмірден өз орнын табуына сеп болған ағайларын ұмытпайды. Тіпті кей күндері сол балалардың ата-аналары да Мәкеңе алғыс айтып жатады.



Иә, ол «мамандыққа адапдық» деген қағидаға берік, әріптестері де кейіпкеріміздің жұмыстағы табандылығы мен жауапкершілігін жоғары бағалайды.

– Мәкеңмен әріптес болғанымда біраз уақыт болды, тапсырманы тиянақты орындайды, өз функциясына да мығым. Әсіресе ол әскер қатарына балаларды қабылдау алдында ата-аналармен, балалардың өздерімен үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі жүргізеді. Әскерге баруға еңжар балалар болады, кейде ата-аналар да балаларын жібергісі келмейтін кездер болады. Осындай кезде біз түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз, кейін ата-аналар да, балалар да түсініп, ойымыз бір жерден шығып жатады. Біз осындай жұмыстардың арқасында қаншама баланың Отан алдындағы борышын өтеуіне жол аштық. Қазір олардың алды әр салада еңбек етіп жатыр, – дейді аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығы Ерсайын Бегімқұлов.

Шынында маусымда әскерге бала қабылдау, олардың әрқайсысының құжатын дайындау, медициналық тексерістен өткізу, бәрі-бәрі оңай шаруа емес. Салаға сыртынан қараған адамға жұмысы жеңіл сияқты, бірақ әсте олай емес. Төреңнен қарасаң, әскери өмірдегі жауапкершілік осы әскери комиссариаттан басталады.

Мұрат Ертуғанов жалағаштық жастардың әскерге баруға ынталы екенін айтады. Тіпті маусымда бұл жағынан мәселе де болмайды екен. Бұған бір жағынан жүйелі жұмыстың сеп болғанын да жасырмайды.

– Қазір балалар Отан алдындағы борышын өтеуде белсенді. Бірлі-жарым балалардың кейде әскерге баруға құлықсыз болатын кездері де бар. Кейде ата-ана тарапынан да қарсылықтар кездеседі. Біз елді мекендерді аралап, олармен түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Соның арқасында қаншама бала әскерге барып қайтты. Бүгінде сол балалардың өздері де, ата-аналары да келіп алғыс айтып жатады. Біз сол балалармен мақтанамыз, қазір олардың көбісі әр салада жұмыс жасайды, – дейді Мұрат ағамыз.

Кейіпкеріміз 1984-1986 жылдары Украинада Отан алдындағы борышын өтеген. Әуе қорғаныс күштері қатарында шыңдалған сарбаз әктерде де өзінің табандылығымен, қырағылығымен көзге түскен. Сондай-ақ ол балалардың міндетті түрде әскерге баруы керек деп есептейді, себебі әскери өмір азаматты бірінші кезекте тәртіпке, жауапкершілікке баулиды екен.

Иә, кейіпкеріміздің бұл сөзіне алып-қосарымыз жоқ және оның бұлай айтуына нақты себеп те жоқ емес. Оның өз ісіне ұқыптылық, жауапкершілігі бұл сөзін қуаттайды. Ол тек балалардың әскер қатарында болуына жол ашумен шектелмейді, 35 жасқа дейінгі азаматтардың әскери салада жұмыс жасауына, осы салада білім алуына да қолғабыс етеді. Осы жолда атқарған еңбегі де елеусіз қалған жоқ, талай рет марапат төрінен көрінді. Бірақ кейіпкеріміз мұның бәрінен халықтың алғысын жоғары қояды.

Ақнұр АЛТЫНБЕК



## Патриот болу – парыз

**ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АЛАМЕСЕК АУЫЛЫНДАҒЫ №124 ОРТА МЕКТЕБІНЕ КЕЛІП, АУЛАДА ӘСКЕРИ ЖҮРІСПЕН ЖАТТЫҒЫП ЖҮРГЕН ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРДІК. ОҚУШЫ КЕЗІМІЗ ЕСІМІЗГЕ ТҮСІП, БІЗ ДЕ ЖЕТЕКШІДЕН РҰҚСАТ АЛЫП, САПҚА ТҮРДІК. «БІР, ЕКІ, ОҢҒА», БІР, ЕКІ, СОЛҒА». ІШІМІЗДЕН ДӘЛ ОСЫ БІР СӨЗДЕР ӘСКЕРИ ЖҮРІСТІҢ КӨРКІ ІСПЕТТІ ДЕП ҚОЙДЫҚ. БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМІЗ БОЛАШАҚ ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ШӘКІРТТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕП ЖҮРГЕН БІЛІКТІ МАМАН – ҒАЛЫМЖАН БАЙМАХАНОВ.**

Саптық жүрісті қайталап болғаннан кейін мектепке кіріп, жақында ашылған кадет сыныбына кірдік. Бұл ішкі істер саласында 10 жыл қызмет етіп, аз ғана ғұмырында өшпес із қалдырған Кеңесбек Әшімов атындағы кадет сыныбы екен. Мұнда болашағын құқық қорғау саласымен байланыстыратын 7 сыныптан жоғарғы оқушылар қабылданады. Бізбен саптық жүрісте бірге болған оқушылардың бәрі дерлік осы сыныпта білім алушылар екен. Шәкірттеріне қаруды бөлшектеп, құрастыруды үйретіп жатқан Ғалым ағайды әңгімеге тарттық.

– Бала кезімнен әскери қызмет атқаруды армандаушы едім. Міне, үлкен арманым орындалып, Отанға қызмет етіп, қазірде оқушыларға алғашқы әскери дайындық пәнінен

сабақ беремін. Мектепте шәкірт тәрбиелеп қызмет еткеніме 25 жыл болды. Осы уақыт аралығында көптеген оқушының өзіне ұнайтын салада білім алуына көмектестім. Біздің басты мақсатымыз – оқушыларды патриоттыққа, адалдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, яғни олардың болашағын құқық қорғау саласымен байланыстыру. Болашақта осы жастардың ішінен халықтың тыныштығын күзетіп, елдің ертеніне адал қызмет ететін ұрпақ қалыптасатынына сенімім мол, – дейді кейіпкеріміз.

Расында ұстаз сөзінің жаны бар. Ел тыныштығы үшін барын салатын патриоттар мектеп кезінен тәрбиеленері анық. Жалпы бала тәрбиесіне қатысты сыни пікірлер көп айтылады, бірақ біз баланың

тәрбиені көру арқылы алатынына мән бермейміз. Яғни біздің оларға айтқан ақылмыз бен ісіміз бір жерден шықпаса, онда берілген тәрбиенің бәрі бекер.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні жайында естісек, әлбетте ойымызға алғаш автоматты бөлшектеп, құрастыру келері анық. Ғалым ағай өңгімесін айтып бітпей, 5 секундта автоматты қалай шашып біткенін аңғармай қалдық. Оның оқушылары да қаруды бөлшектеп құрастырудан жылдам екен. Бір оқушысы 6 секундта автоматты бөлшектеп тастаса, енді бірі автоматты жинауға 9-ақ секунд уақытын кетірді.

Айта кетейік, қазірде Ғалымжан ағайдың жетекшілігімен «Жас полиция» кадет сыныбында 16 оқушы білім алуда. Олар аптасына 2 рет

түстен кейін ішкі істер органдарының білікті мамандарының сабағына, одан бөлек қоғамдық тәртіпті сақтауға негізделген іс-шараларға қатысады. Қазірде осы сыныптағы Мұхтар Шәмші «Айбын» облыстық әскери-патриоттық жарысына қызу дайындық үстінде.

Біз де Отанға деген патриоттық сезімімізді арттырып Ғалымжан ағаймен әңгімемізді аяқтадық. Ел тыныштығын уақытпен санаспай күзетіп, сол жолда түрлі ерлік көрсетер жастарды тәрбиелеуде кейіпкеріміздің орны ерекше. Оның қолынан алдағы уақытта әлі де қызметтегі ерлігі халық аузында жүретін шәкірттер тәрбиеленеді деп сенеміз.

Бала бойына патриоттық тәлім сіңіру оңай шаруа емес. Оның үстіне оларға әлгідей қаруларды бөлшектеп жинауда қиынныңқыны. Бірақ кейіпкеріміздің шәкірттері оған дағдыланған. Бұл да оқушылармен қатар ұстаздың шеберлігін аңғартас керек. Қазірдің өзінде Аламесектегі кадет сыныбында оқитын балалар әскери білім алуды мақсат етіп отыр. Ұлағатты ұстаз айтқандай, біздің болашағымыз осындай жастармен тығыз байланысты.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

## Жемқорлық бәрінен қауіпті

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын құқықтық түсіндіру жұмысының денгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандайда бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін нақты жолдарын толық білуі қажет.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Негізінен жемқорлықпен күресті ер адам өзінен бастаса, елде мұндай мәселе болайды. Сондықтан оны еңсерудің тиімді тетігі де осы.

«Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Тарих**  
**Ұлы Отан соғысы**  
**жылдарындағы Жалағаш**

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қазақ халқының, оның ішінде Жалағаш ауданы еңбеккерлерінің қосқан үлесі ұланғайыр. Біздің аудан – майдан мен тылдың байланыстырған негізгі қатынас жолы әрі майданға қосымша күш беруші тірек ретінде соғыстың негізгі қиындығын бастан өткерген өңірдің бірі.

Ұлы Отан соғысы басталысымен Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен кәсіпорындары қысқа мерзім ішінде соғыс жағдайына көшірілгендіктен тылдағы қара жұмыстың барлық ауырталығы ауылда қалған қариялар, қыз-келіншектер мен балалардың мойнына артылды. Жұмыс уақыты таңғы сағат 5-тен түнгі сағат 10-ға дейін ұлғайтылып, аудан еңбеккерлері «Бәрі де майдан үшін бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен уақытпен санаспай еңбек етіп, барлық күш-жігерін Қызыл армияның күш-қуатын нығайтуға жұмылдырды.

КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылдың 17 қыркүйегіндегі «16 жастан 50 жасқа дейінгі КСРО азаматтарын әскери өнерге міндетті түрде үйрету» атты Қаулысына сәйкес ауданда ер азаматтармен қатар қыз-келіншектерге де соғыс өнері үйретіле бастады. Колхоздар, мектептер мен түрлі кәсіпорындарда тыл еңбеккерлеріне бастауыш әскери білім беру мақсатында 110 сағаттық бағдарлама бойынша алғашқы әскери даярлық курстары өткізілді. Мысалы, «Ірікөл» колхозында 12 қыз-келіншек аталған бағдарлама бойынша әскери іс пен жалпы тактикаға үйретілсе, аудан орталығында 50 комсомол қыз-келіншек мылтық ату, атқа міну, граната лақтыру, окоп қазу, әуе шабуылынан қорғану секілді т.б. соғыс өнерінің әдіс-тәсілдерін меңгеріп, «Ворошиловский стрелок», «Ворошиловский всадник», «Готов к ПВХО» межесіне емтихан тапсырды.

Дегенмен ауданның бірқатар колхозы мен кәсіпорындарында оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы маман кадрлармен қатар қару-жарақтар мен түрлі құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі байқалды. Уақыттың шектелуі болуына байланысты бағдарлама бойынша белгіленген кейбір оқу-жаттығу сабақтары толық орындалмады.

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарында жұмыс қолдарының жетіспеушілігі, оның ішінде механизатор кадрлардың, су шаруашылығы мен өнеркәсіп орындары жұмысшыларының тапшылығы ерекше сезілді. Осы орайда 1941 жылдың 31 шілдесінде Қызылорда облыстық партия комитеті «Өнеркәсіп орындарында, мекемелер мен ұйымдарда маман жұмысшы әйелдер даярлау шаралары туралы» Қаулы қабылдады. Қаулыда облыс аумағындағы түрлі шаруашылықтар, өнеркәсіп орындары, ұйымдар мен мекемелерде қысқамерзімді курстарда өндірістен қол үзбей әйелдерден маман жұмысшыларын даярлау міндеті қойылды. Бұл бастаманы біздің ауданның қыз-келіншектері де қуаттап, бір кісідей үн қосты. Сөйтіп 1941 жылдың тамызынан қараша айына дейін Қарақеткен МТС-ы жанынан ашылған тракторшылар мен механизаторлар дайындайтын қысқа 3 айлық курсты 23 қыз-келіншек бітіріп шығып, трактор, мотолитка мен комбайндардың роліне отырды.

Жалпы соғыс жылдарында ауданның еңбекші әйелдері өз күштері мен денсаулықтарына аямай, жанкештілікпен еңбек етті. Олар соғыстың алғашқы күндерінен бастап ауыл шаруашылығының барлық саласында майданға кеткен ер-азаматтардың орнын басты. Архив деректеріне сүйенсек, соғыстың аяғында ауданның ауыл шаруашылық және өнеркәсіп орындарында барлығы 2505 қыз-келіншек жұмыс жасаған. Олардың 1733-і «еңбек екіпіндісі» және «стахановшы» деген жоғары мәртебелі атақтарға ие болды.

Соғыстың алғашқы айларында ауданда Кеңес үкіметінің саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, аудан жұртшылығы арасында дүрбелең туыру мақсатында жалған ақпарат пен алып-қашпа өңгімелер тарату фактілері де ұшырасты. 1941 жылдың 25 қараша күні аудан прокуроры Т.Сүлейменов халық депутаттары аудандық кеңес атқару комитетіне жолдаған баянатында «Жалағаш аудандық тұтынушы одағының бухгалтері Рысбаев дегенді неміс-фашист басқыншыларының «ерекше күштілігі» туралы лақап хабарлар таратқаны үшін әскери трибунал 4 жылға, аудандық қаржы бөлімінің инспекторы Ширдановты 2 жылға бас бостандығынан айырып, «Бірлік» колхозының колхозшысы Әуесбаев соғыс басталысымен колхоз жұмысынан саналы түрде бас тартып, колхозшылар арасында неміс-фашист басқыншыларын мадақтап, «немістердің гуманизмі» жайлы провокациялық бағытта агитация жұмыстарын жүргізгені үшін 10 жылға сотталды» деген ақпарат берді.

Соғыс жылдарында ауданда Отан қорғау және Қызыл армия қорына қаржы жинау, ақшалай-заттай лоторея мен заемге жазылу, жауынгерлерге жылы киім мен азық-түлік жөнелту науқандары кең өріс алады.

Мысалы, «Қазақстан комсомолы» атты танк колоннасын жасақтауға қаржы жинаудың алғашқы күндерінде-ақ аудан комсомолдары 16 мың сом қаржы жинаса, Мақпалкөл колхозының комсомолдары 1500 сомның облигациясына жазылып, 2 мың сом ақша жинаған.

1941 жылдың қараша айында аудандық партия комитетінің хатшысы С.И.Кистанов облыстық партия комитетіне Қызыл армия қоры мен «Қазақстан колхозшысы» атты танк колоннасының құрылысына 50 пұттан астам астық және 20 мың сомнан астам ақша өткізген 64 жалағаштық еңбеккердің тізімін жолдаған. Аталған тізімге жалғыз өзі 105 пұт астық өткізген Карл Маркс ауылдық кеңесінің төрағасы Айымгүл Ізтілеуованың, 150 пұт күріш өткізген Калинин ауылдық кеңесінің төрағасы Шәйімбет Есөвтың және т.б. көптеген қатардағы колхозшылардың есімі енген.

Майдандағы жауынгерлерге жылы киім жіберу науқанына аудан мектептерінің ұстаздары мен оқушылары да белсене атсалысты. Мысалы, «1 Май» орта мектебінің оқушылары мен мұғалімдері 1941 жылдың желтоқсан айына дейін майдан қорына 2 тонн, 17 жылы күртеше, 5 мақталы шалбар, 20 пима, 67 қолғап, 75 жүн шұлық өткізсе, мектеп директоры Смаиылов пен мұғалім Кенжетаетардың әрқайсысы 1 көрпе, 1 мақталы шалбар, 1 пима, 1 көйлек өткізген. Сөйтіп жалағаштық еңбеккерлер 1941 жылдың аяғына дейін майданға 7 мыңнан аса жылы киім, оның ішінде 152 тонн, 281 пима, 472 қолғап, 430 жүн шұлық, 698 бөрік пен құлақшың, 510 шұлғау секілді т.б. көптеген киім-кешек жөнелтті. Бұл науқанда «Қызыл Ту», «Красный Октябрь» колхоздарының колхозшылары мен мемлекеттік банктің аудандық бөлімшесінің ұжымы да ұйымшылдық танытты.

1941-1942 жылдары аудан бойынша 865 колхозшы жұмыс жоспарын асыра орындап, «колхоз даласының стахановшысы» атанған Олардың 284-і партия, 377-сі комсомол ұйымының мүшелері еді.

1943 жылдың қаңтарында аудандық НКВД бөлімінің қызметкерлері танк колоннасының құрылысына 5 мың сом ақша, «Жасқайрат» колхозының колхозшылары 360 пұт күріш пен 48 пұт ет өткізіп, Қызыл армияның 25 жылдық мерейтойы қарсаңында майдандағы қызыл әскерлерге көптеген сыйлық жібереді. Осы колхоздың төрағасы Н.Жүсіпов қорғаныс қорына 100 пұт күріш тапсырған.

Ауданда толық емес көрсеткіштер бойынша барлығы 1000 пұт күріш пен 200 пұт ет жинақталып, майданға жөнелтілген. Аудан бойынша 5 302 кісі қорғаныс заеміне жазылған.

Облыстық «Ленин жолы» газетінің 1943 жылғы 31 қаңтардағы №24 (1435) санында Қызыл армия қорына мол астық өткізген облыстың алдыңғы қатарлы озат колхозшыларының тізімі жарияланды. Ол тізімге Жалағаш ауданы бойынша Отан қорғау қорына 300 пұт астық өткізген «Қызыл Ту» колхозының төрайымы Ж.Сақтағанованың, 100 пұт бидай өткізген Калинин атындағы ауылдық кеңес төрағасы Ш.Есөвтың, 100 пұт күріш өткізген «Жаңаталап» колхозының колхозшысы С.Қырдыралиевтің, 50 пұт бидай өткізген «Мақпалкөл» колхозының колхозшысы М.Абуовтардың есімі енген.

1943 жылдың 2 ақпанына дейін аудан колхозшылары мемлекетке 53 868 центнер астық өткізген. 1943 жылдың 25 ақпанынан 2 наурызға дейін мемлекетке қосымша 4 614 центнер астық тапсырылды. Одан басқа колхозшылар өздерінің жеке-меншік қорларынан Отан қорғау қорына тағы да қосымша 8 699 центнер астық тапсыру жөнінде міндеттеме қабылдайды.

1943 жылдың көктемінде аудандық партия комитетінің хатшысы С.И.Кистанов аудан еңбеккерлерінің атынан ВКП (б) Орталық Комитетінің Бас хатшысы, қорғаныс халық комиссары И.В.Сталинге телеграмма жолдайды. Онда «Қымбатты Иосиф Виссарионович! Ерілкен алға басып бара жатқан Қызыл армияның жеңісіне рухтанған Жалағаш ауданының колхозшылары және колхозшы әйелдері 6 күннің ішінде «Қызылорда колхозшысы» атты танк колоннасын жасақтауға 1,5 миллион сом қаржы жинап, мемлекеттік банкке өткізді. Бірсыпыра колхозшылар бұл іске белсене қатысты. Қазақ ССР Жоғары кеңесінің депутаты Айымгүл Ізтілеуова жолдас танк жасау қорына 105 пұт астық пен 25 мың сом қаржы берді. Ауданның колхозшы шаруалары Қызыл армия қорына 57 мың пұт күріш, 12 мың пұт астық, мемлекетке 4 272 пұт ет өткізді» деп ақпар берді.

Аудан еңбеккерлерінің осындай ерлікке тән істері үшін 1943 жылдың сәуірінде С.И.Кистановтың атына Жоғары Бас Қолбасшы И.В.Сталиннен жеделхат келеді. Онда «Қызылорда



колхозшысы» танк колоннасын жасауға 1 млн 500 мың сом ақша жинаған және Қызыл армияның қорына 57 мың пұт күріш тапсырған Жалағаш ауданының колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне менің туысқандық сәлемімді және Қызыл армияның алғысын тапсырыңыз» делінген.

1943 жылдың жазына дейін аудан еңбеккерлері Отан қорғау қорына 120 мың 250 сом, танк колоннасының құрылысына 1 млн 600 мың сом, авиаэскадрилья жасақтау қорына 74 мың сом, Қызыл армия қорына 105347 сом өткізеді. Сонымен қатар 4 миллион сом соғыс заемына жазылып, 362 мың сом көлемінде лоторея билеттерін алып, майданға 10 818 жылы киім, 5 вагон астық, 3 тонна қауыншек, 3 тоннаға жуық сары май, 100 литрге жуық арақ жібереді.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, алдын ала бекітілген жоспар бойынша 1941 жылы ауданға еліміздің батыс өңірлерінен эвакуацияланған 1500 тұрғынды және жер аударылған 3500 арнайы қоныс аударушыны қоныстандыру көзделсе, сол жылдың 20 қазанына дейін эвакуациямен келген 93 кісі (оның ішінде Ленинград қаласынан 5, Харьков қаласынан 5, өзге қалалар мен өңірлерден 83 тұрғын бар) орналастырылған. Олардың барлығын да жергілікті партия орындары мен колхоз төрағалары тұрғын үйлермен және мамандығы бойынша жұмыспен қамтамасыз еткен.

1942 жылы жау басып алған өңірлерден Жалағаш ауданына барлығы 2095 кісі эвакуациямен келіп, қоныстандырылды. Оларды күтіп алып, жұмысқа орналастыру және қажетті тұрмыстық жағдайларын жасау мақсатында құрамында аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Ш.Саихов, аудандық партия комитетінің хатшысы Рүстемов, Шонин, Куроедов, медициналық қызметкерлер Кошевская мен Ким Сын Нен секілді жауапты кісілерден тұратын арнайы комиссия құрылды.

Алғашқы кезде эвакуациямен келген адамдар аудандық клуб, мектептер, өзге де үйлер мен ғимараттарға орналастырылды. Кейін олардың жұртасын аудан орталығында қалдырып, қалғанын аудандағы 17 колхозға таратып жібереді. Эвакуацияланған кісілер колхоздарға келген мезеттен бастап мемлекет есебінен 3 күн бойы тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Сөйтіп аудандағы колхоздарға, түрлі өндіріс орындары мен мекемелерге мамандықтары бойынша барлығы 591 кісі жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде партиялық жұмысқа 6, аудандық прокуратура мен сотқа 1, аудан мектептеріне 9, өндіріс орнының директорлығына 1, қаржы саласына 2, ауыл шаруашылық бөліміне 1, түрлі қызметтерге 10, сауда үйісіне 6 кісі жұмысқа орналасып, қалғаны колхоздың қара жұмысына жігілді.

Аудандық Кеңес атқару комитеті тарапынан көшіп келген отбасыларға 1,5 мың сом көлемінде ақшалай көмек беріліп, барлық кісілер тегін медициналық қызметпен қамтамасыз етілді. Эвакуациямен келіп Жалағаш ауданына қоныстандырылған балалар үшін «Актив» колхозында жаңадан бастауыш мектеп-интернат ашылып, аудан мектептерінде қосымша тағы да 19 класс ұйымдастырылды. Соғыс жылдарында Еңбек армиясына, ФЗО-ға, ірі өнеркәсіп орындары секілді т.б. тыл жұмыстарына ауданнан ондаған, жүздеген адам алынып, онсызда жетімсіз жұмыс қолын азайта түсті.

Мысалы, аудандық халықты жұмылдыру бөлімінің меңгерушісі Дүйсебаевтың 1944 жылдың маусым айында халық депутаттары аудандық кеңес атқару комитетіне жолдаған ақпаратына сүйенсек, 1941 жылы аудан өңірінен Жезаққан кен басқармасына 110, 1942 жылы Батыс Қазақстан өңірінің мұнай өңдейтін зауыттарына 35, 1943 жылы еліміздің түрлі өндіріс орындарына 347 кісі жөнелтіліп, ФЗО мектептеріне және теміржол училищелеріне 96 жасөспірім оқуға жіберілген.

1944 жылдың ақпанына дейін қосымша тағы да 120 кісі Еңбек армиясына жөнелтілді. Оның ішінде «Аралсульфат» мекемесіне 35, Балхаш мыс қорыту комбинатына 35, Қарағанды қаласындағы ФЗО мектептеріне 35 жасөспірім, Алматы қаласындағы теміржол мектебіне 15 жасөспірім аттанды.

Соғыс жылдарында тұрмыстық-санитарлық және жеке гигиеналық талаптардың орындалмауы, азық-

түліктің жетіспеушілігі, аш-жалаңаштық пен күйзелістердің орын алуынан ауданда түрлі жұқпалы эпидемиялық аурулар тарап, олармен ауырған адамдардың да саны көбейді. Мысалы, 1942 жылы бөртпе сүзегімен 183 кісі ауырса, 1943 жылы 19 кісі аталған ауруды жұқтырған. 1942 жылы қызылша ауруымен 55 бала ауырса, 1943 жылы 20 бала осы дертке шалдыққан. 1942 жылы скарлатина ауруымен 12 бала ауырса, 1943 жылы 1 бала анықталды.

1943 жылы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің медицина қызметкерлері барлығы 600 үй, 1918 отбасы мүшелерін медициналық тексеруден өткізіп, үсті-басы биттеген 5 292 кісіге санитарлық көмек көрсетеді. 10 511-ге жуық түрлі заттар санитарлық өңдеуден өткізіліп, 87 құдық, 246 әжетхана залалсыздандырылды. Шешек ауруына қарсы 1 585 екпе, сүзекке қарсы 4 779 екпе, дифтерия, қызылша, скарлатина секілді жұқпалы ауруларға қарсы 6 500 екпе егілді. Осы мерзім ішінде ауданда жаңадан 15 монша мен дезинфекциялық камера салынып, аудан бойынша жалпы монша саны 31-ге жетті.

Сөйтіп 1943 жылы ауданда барлығы 31 монша мен 6 дезинфекциялық камера аудан халқы үшін жұмыс жасады.

1944 жылы кейбір колхоздардағы моншалар мен дезинфекциялық камералардың уақытылы жұмыс жасамауы салдарынан қаңтар айында 25, ақпан айында 4, наурызға 7 жерден бөртпе сүзегі шығып, медицина қызметкерлерінің науқастарға дер кезінде қойған диагностикалық арқасында ауру ошақтары залалсыздандырылып, аурудың әрі қарай таралу қаупіне тосқауыл қойылды.

1944 жылдың 10-11 наурыз күндері аралығында Солтүстік Кавказдан күштеп жер аударылған шешен халқының Жалағаш ауданына келіп қоныстануына байланысты ауданда жұқпалы бөртпе сүзегі ауруының таралуы күрт күшейіп кетеді. Қоныс аударушылар шарлығын осы қауіпті індет жайлы аудандық НКВД бөлімінің арнайы коммендатура бастығы, милиция аға лейтенанты Н.Машақбаевтың аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Елізабаевты хабардар етіп, көмек сұрап 26 наурыз күні жазған №1-26 санды хаты облыстық архив қойнауында сақталған. Онда «Қазіргі кезде арнайы қоныс аударушылар орналасқан «Ірікөл», «Елтай», «Алғабас» колхоздарында жұқпалы бөртпе сүзегі ауруына барлығы 34 адам шалдығып отыр. Қалған тұрғындар медицина және милиция қызметкерлерінің жіті бақылауына алынған. Бөртпе сүзегіне шалдыққан «Ақарқы» колхозындағы науқастарға аудандық денсаулық сақтау бөлімі тарапынан тиісті шаралар қабылданып, тұрғын үйлерге дезинфекция және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні аталған жұқпалы ауру инфекциясының басқа колхоздарға таралып кету қаупі өте жоғары болып отыр. Ауданда медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігіне байланысты барлық колхоздарға уақтылы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету қиындық туғызуда. Сол себепті ауданға денсаулық сақтау бөлімінен тағы да қосымша медицина қызметкерлерінің бөлінуіне көмек көрсетуді сұраймын» деп көрсетілген.

Осы қауіпті індетті дер кезінде ауыздықтау мақсатында аудан дерігерлері 10 222 кісіні, 51 244 түрлі зат, 4 533 үй-жайды санитарлық-дезинфекциялық өңдеуден 3 948 кісіні бітке қарсы санитарлық тексеруден өткізеді. Аудан орталығында қосымша 60 төсектік стационар ашылып, барлық науқас сонда жатып, ем қабылдайды.

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы жылдарында жалағаштық тыл еңбеккерлері теңдесі жоқ үлкен бірлік пен құрыштай беріктіктің үлгісін көрсете білді. «Барлығы да майдан үшін, барлығы да Жеңіс үшін» деген ұран еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін еңбек етуге жұмылдырды. Зор ауырталықтар мен қиындықтарға қарамай жауды талқандап, Жеңіс күнін жақындату үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, өздерінің Отан алдындағы патриоттық борышын адал атқарған жүздеген жалағаштық колхозшылар мен колхозшы әйелдер жоғары үкіметтік наградалармен марапатталды.

**Қанат ЖАПАҚОВ,**  
аудандық тарихи-өлкетану музей филиалының қызметкері

Тұрғындардың тәулік бойы тыныштығын күзетуде аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің еңбегі ерөн. Сыртынан қараған жанға сала жұмысы жеңіл болып көрінуі де мүмкін. Бірақ орын алған қылмысты уақтылы ашып немесе алдын алуда олар небір қиын жайттарды еңсереді. Нәтиже де жаман емес, алдын алу шаралары жемісін беріп, бірқатар қылмыс түрі кеміген. Оған аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеровпен сұхбатта көз жеткіздік.

**Ел тыныштығын күзеткен**



Биыл 10 қосқанда ауданда атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жалпы қылмыстардың тіркелуі 29 пайызға төмендеген. Мұны Талғат Шоқанұлы алдын ала атқарылған профилактикалық шаралармен байланыстырады. Сондай-ақ ол осы мақсатта еңбек еткен әріптестерінің жұмысын жоғары бағалайды.

Атқарылған профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде ауданда биыл бірқатар қылмыс түрі азайды. Мәселен, былтыр 3 айда 1 тонау қылмысы орын алса, биыл мұнда мұндай қылмыс тіркелмеді. Бұзақылық қылмысы 50 пайызға азайды. Есірткі қылмыстары 4-тен 1-ге кемісе, қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар 62,5 пайызға төмендеді. Сондай-ақ көшеде жасалған қылмыстар да айтарлықтай азайған. Мас күйінде жасалған қылмыстар 50, бұрын сотты болғандар жасаған қылмыстар 53,8, отбасылық тұрмыстық қатынаста жасалған қылмыстар 100 пайызға төмендесе, адам өлтіру, зорлау, қалта ұрлықтары, суық қарумен жасалған қылмыстар мұнда орын алған жоқ. Мұның бәрі алдын ала жасалған профилактикалық шаралардың жемісі деп ойлаймын және осы мақсатта жұмыла еңбек еткен әріптестеріміз жұмысын жоғары бағалаймын. – дейді полиция бөлімінің бастығы.

Ауданда ахуалды жақсарту мақсатында олар күнделікті нақты тапсырмамен жоспарлы жұмыс жасайды. Яғни күнделікті полицияның барлық құрамы ахуалды күрделі жерлерге орналастырылады. Ал жекелеген қылмыс түрлеріне байланысты «Құқық тәртіп», «Тұрмыс», «Борышкер», «Автобус» және басқа да жедел профилактикалық іс-шаралар өткізіліп, тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстардың нәтижелі орындалуы тікелей бөлім бастығының бақылауында.

Ауданда кейбір апатының алдын алуда да нақты жұмыс бар. Биыл 2 жол көлік оқиғасы болып, 2 адам жаралатқан. Бөлім бастығы жол қауіпсіздігі бойынша қалыптасқан ахуалдың күрделенуінің бірнеше себебі барын жасырмайды. Сондықтан ол кезек күттірмейтін кешенді шаралар қабылдауда.

Биыл 1015 әкімшілік хаттама толтырылған. Сондай-ақ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің қызметкерлері 1023, учаскелік полиция инспекторлары 725 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтаған. Оның ішінде ҚР Ішкі Істер министрлігі құқық бұзушылыққа «Мүлдем тәубешілік» қағидатын жүзеге асыру бағытында 191 құқық бұзушылық анықталған. ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының талаптарына сай тұрмыстық ортада құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты 17 қорғау нұсқамасы шығарылып, аудандық сотпен құқық бұзушының мінез-құлқына 13 ереке талап қалыныған.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын қылмыстардың алдын алу, оған жол бермеу мақсатында ІІО-ның профилактикалық және тізімдік есебінде тұратын тұлғалармен үнемі профилактикалық жұмыстарды жүргізіп, нәтижесінде маскүнемдер есебінде тұратын еріксіз емдеу мекемесіне биыл 6 азаматты маскүнем ретінде бөлімнің тізімдік есебіне алып, еріксіз емдеу мекемесіне 3 маскүнем жатқызылған. Сондай-ақ учаскелік полиция инспекторларының өз нытасымен 10 қылмыс ашылған.

Қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында «Құқық тәртіп», «Құрық», «Есептегі адам», «Мал ұрысы», «Қауіпсіз жол», «Автобус», «Түнгі Жалағаш», «Заңсыз жүргізуші тасымалдау», «Тұрмыс» жедел профилактикалық іс-шаралары өткізіліп тұрады. Ювеналды полиция тобы саласы бойынша жалпы ауданда 20 орта білім беру орны бар. Оның бірі – индустриалды аграрлы колледж. Былтыр түрлі құқық бұзушылық жасаған 46 жасөспірім анықталса, биыл 20 жасөспірім анықталған. Бұл көрсеткіш сала мамандарының осы бағытта жасаған жұмыстарының нәтижесінде азайған.

Қоғамдық тәртіпті бұзған жасөспірімдердің әрқайсысына талдау жасайтын болсақ, биыл ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабының 2-бөлігімен 20 дерегі, былтыр 29 дерегі анықталып, ата-аналарға әкімшілік хаттама рәсімделіп, шаралар көрілген. Қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында да бірнеше рет «Абайлаңыз, балалар!» және «Түнгі қаладағы балалар» профилактикалық іс-шаралары өткізілген. Жасөспірімдерді жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау бағытында дәріс оқылып, жиналыстар да жиі өткізілуде. Қуантарлығы, мұның бәрі бүгін нәтижесін беруде.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

# Жеңіс сыйлаған жауынгер

**Жалағаш ауданына қарасты Темірбек Жүргенов ауылында 1922 жылы дүниеге келген Кеңшілік Жылқыбаевтың та өз замандастары сияқты екінші дүниежүзілік соғыстың жорық жолындағы жауынгерлік тарихы бар. Тұтас қоғамның тегершігі мүлдем басқа бағытта бұрылып, өкімет ауысып, ақ пен қызыл атой салып, ел ішінде өлі де тыныштық орнамай тұрған, жақын-жуық, ағайын-туысты түгендеу тұрмақ, әр отбасы өз шаңырағының амандығы үшін арпалысқан аласапыран уақыттар еді ол.**



Көнекөз қариялардың айтуынша, майдангердің өкісі Жылқыбай өз заманындағы ауқатты адамдардың бірі болыпты. Бұған қоса ағайынның ауыз-біршілігін уысында ұстаған, ауыл арасында дау-дамайын сыртқа шығармай, өз ішінде шеше білетін қазақы жөн-жосықтың білгірі болған екен. Көпке сөзі өтімді адамдар үкіметтің құрығына оңай ілінетін зобалаң жылқылары әлдекімдердің көрсетуімен ұсталып, хабарсыз кетеді. Ал анасы Болтай дүйім елді тұралатқан ашаршылықта сырт жерден түйемен кіре тартып жүріп, кезекті сапарында қайтпай қалады. Кейіпкеріміз Кеңшілік Жылқыбаев ата-анадан екі ағайынды еді, өкініштісі, ел басына күн туғанда қан майданға алдымен аттанған інісі Жақыпқа туған жердің топырағы бұйырмай, сүйегі жат жерде қалды.

Кеңшілік те бұғанасы қатып, буыны бекімген бала шағында көрер жарығының, татар дөм-тузының бұйырығына шығар, ел ішін жайлаған ашаршылықтың ақтаңдағынан Жалағаш ауданының Еңбекші ауылында тұрған Қатирә апасы мен Базарбай жездесінің қолында болып, әулірімізмен аман қалды. Қалың елге ортақ келген ол зұлматты тарқатып айтудың өзі артық. Көкірек көзі ояу, заман ағымына ілесуге құлшына ұмтылған жігерлі жас сол кездегі оң-солын ажыратуды алдына мақсат еткен санаулы қатарластары сияқты ауыл деңгейіндегі орталау мектептен жетіжылдықты бітірген соң Қызылорда қаласындағы педучилищені тәмамдады. Оқуын жалғастырмақ ниетте еді, тосыннан келген сұм соғыстың кесірінен армандары аяқсыз қалды. Ел іші теңселіп, ендігі келешектің қандай боларына алаңдаған ана баласын аттандырып, жары қосағын шығарып салып, бауыр бауырымен қимай қостасып жатқанда Кеңшілік небәрі он тоғыз жасында өзі сұранып майданға аттанды. Бұрын-соңды елден жырақ шығып көрмеген қарапайым қазақтың баласы белгісіз тағдыр талайына да алаңдап, әскери ашелоңның ішінде екудай күйде батысты бетке алып кетіп барады.

Сол кезеңмен салыстырғанда азамат соғысынан кейінгі дүрбелеңнен және ашаршылық пен саяси элита арасында жүргізілген репрессиядан көз ашпай келе жатқан соңынан бірге бір-

неше айлық Польша, Финляндиямен арадағы қақтығыстардан да абырап қалған өлі де жас Кеңес Одағы үшін күн тәртібінде өте қысқа мерзім ішінде майдан тағдырында шешуші рөл атқаратын кіші әскери қызметкерлер дайындау мәселесі күн тәртібінде тұрған болатын. Білім деңгейі, денсаулығы, саяси сауаттылығымен бірге ұйымдастырушылық қабілеті жан-жақты тексеруден өткен өзі сияқты өрімдей жастармен Кеңшілік Жылқыбаев 1941 жылдың қараша айынан бастап Ресейдің Воронеж қаласындағы кіші командирлер, яғни офицерлер даярлайтын арнайы қысқамерзімді курста әскери дайындықтан өтіп, лейтенант атағын алып шығады.

1942 жылдың наурызында майдан шебіне кіріп, алғашқы ауыр жарақатын да алып үлгерді. Дала госпиталындағы бірнеше айлық емделуден кейін майданға қайта аттанды. 1943 жылы коммунистік партия қатарына қабылданды. 1942-1944 жылдары атқыштар бөлімшесінің командирі, 1944-1945 жылдары есептеу бөлімшесінің командирі, МСР немесе мотоатқыштар бөлімшесінің командирі міндеттерін адал атқарды. Украинаны азат ету үшін болған ұрыстардың бірінде қолынан жарақат алған Кеңшілік емделіп шығып, жорық жолын одан ары жалғастырды.

Жау ордасы Берлинді алу операциясында Кеңшілік Жылқыбаев қала көшелеріндегі ажалмен бетпе-бет келген қиян-кескі шайқастың бел ортасындағы ұрысқа қатысты. Бұл кезде МСР командирі, яғни міндетіне қандай сынақты сәтте де қарамағындағы жауынгерлердің жауапкершілігі, ұрыс барысында өзі бас болып бөлімшені ұрысқа көтеру міндеті кіретін мотоатқыштар есебінің бөлімше командирі болған аға лейтенант Кеңшілік Жылқыбаевтың жауынгерлері де Берлин көшелерін жаудан тазартуға көлпен бірге жан аямай, қарша бораған жау оғының астында жүріп, өшпес ерліктің үлгісін көрсетті.

Берлин үшін болған шайқаста Кеңшілік өзімен бір майданда болған, өкі жас кіші, қазақтың өрімдей жас жігіті, сол кездегі аға лейтенант Рахымжан Қошқарбаевтың рейхстагтың төбесіне Кеңес одағының туын тіккен тарихи сәттінің куәсі болғанын мақтан етеді.

Бұдан өзге жан алып, жан беріскен ұрыс жүріп жатқан Берлин көшелерінің біріндегі қалтарыста қазақтың атақты әншісі, өзімен түйдей құрдас Роза Багланованың айналада өстіліп жатқан оқтың даусынан қаймықпай танкінің үстіне шығып, жауынгерлердің рухын көтеріп, жеңіске ынталандыру үшін салған әндерін тыңдап, тарихта бет-бұрыс жасалып жатқан сондай сынақты сәттерде қазақ деген халықтың қандай екенін өлемге әйгілеп жатқан әрі жерлес, әрі қандас бауырларының даңқты ерлігіне куә болғанын, өзінің де солардың жанында болып, жеңісті жақындатуға үлес қосқанын мақтанаш етеді.

Алапат соғысқа бастан-аяқ қатысып, Ұлы жеңісті Берлинде қарсы алған Кеңшілік Жылқыбаев әскер қатарында 1947 жылға дейін болды. Осы уақыт аралығындағы қираған қалаларды қалпына келтіру кезеңінде өзінің көкірек көзі ашық, сауаттылығының арқасында Кеңшілік писарь, яғни іс қағаздары ретке келтіру қызметін атқарып, әскери құжаттарды түгендеу арқылы жоғары басшылықтың алғысын көлгенді.

Жеңімпаз жауынгер 1947 жылы аман-есен елге оралды. Сол жылы соғыс пен бейнеттен көз ашпай еңсесі түскен елді, үлкенді де, кішіні де қуантып, Мақпалкөл ауылында ашылған төртжылдық мектепке мұғалім болып қабылданды. Білімді азаматқа бала жанының бағаны болу қиындық келтірген жоқ. Жас болса да өмірдің ыстық-суығында ысылып, шар болатын шындалған Кеңшілік Жылқыбаев басшылықтың назарына шалынып, 1953 жылдан 1960 жылға дейін колхоздың партия ұйымының хатшысы, 1963 жылға дейін колхоз төрағасының орынбасары қызметінде болды. 1963 жылдан Қазақстанда колхоз, совхоздардың орталықтандырылып, қайта жасақталғаны белгілі. Сол кезеңнің, сол қоғамның адалдығының көрсеткіші, коммунист ретінде, басшылық қайда бағыттаса да бас тартпай, құрылыс саласының басшысы, бригадир, ауыл шаруашылығында түрлі қызмет атқарды.

Отан үшін от кешкен жауынгер соғыстан кейінгі тұралаған тұрмысты түзеуге, ел-халықтың еңсесін көтеруге де аянбай атсалысты. 1982 жылы Жаңаталап кеңшарынан зейнет дема-

лысына шыққан соң ауылдық ардагерлер кеңесін басқарып, өмір тәжірибесін ауылдағы ағайынның ауызбіршілігін нығайтуға жұмсады.

Соғыс және еңбек ардагері Кеңшілік Жылқыбаев жұбайы Қазына Жабағиевамен бірге төрт бала тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Жомартбек Мақпалкөл ауылындағы қара-шаньрақты ұстап отырса, Сырдария ауданы Аманкөлд ауылында тұратын қызы Жаннат Жылқыбаева жары Жарқынбекпен бірге сегіз бала тәрбиелеп өсірген батыр ана. Ал Жұматбек, Жахатбек есімді екі ұлы тағдырдың жазуымен бозбала шағында өмірден өтті.

Ел басына түскен сындарлы сынақтарда алғы шептен көрініп, халық шаруашылығын қалпына келтіруге қомақты үлес қосқан соғыс және еңбек ардагері Кеңшілік Жылқыбаев 2006 жылы 84 жасында өмірден өтті. Майдандағы ерлігі үшін екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, жауынгерлік ерлігі үшін, Германияны жеңген үшін медальдарымен, Ұлы жеңістің 30, 40, 50, 55, 60 жылдығы медалдарымен, Украина Президенті Леонид Кучмының «Украинаны азат еткені үшін» медалімен марапатталса, бейбіт өмірдегі алған марапаттары өз алдына бір төбе. «Майдангерлердің ерлігін есте сақтау, оларды құрмет тұту – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Болашақ буын аталарының даңқты жолын ұмытпай, Отан үшін от кешкен ерлердің есімін келешекке жеткізуге міндетті. Қолыта айтқанда, бұл қоғамымыздағы тыныштық пен келісімнің, татулық пен тұрақтылықтың, ел өркендеуінің басты кепілі болмақ.

«Жүйелі сөз жүйесін табады» дейді халық нақылы. Отан үшін кеудесін оққа тосып, бүгінгі ұрпақтың бейбіт болашағы үшін қанын теккен жеңімпаз жауынгерлерге Мемлекет басшысының өзі тарихи тұлға деген статус беріп жатқанда, Ұлы Жеңістің күні қарсаңында мәшһүр өмір көшкен ауылдың бір кейдесін есімің беру туралы мақұл сөзге тиісті басшылар да, ауылдастар да мәрттік танытып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Әлімжан ӘЛКЕБАЙҰЛЫ,  
журналист

## Бейбітшілік бәрінен маңызды

Тарихи деректерге сүйенсек, Гитлер 1939 жылы басталған II дүниежүзілік соғыста Батыс Еуропа елдерінің көбін жаулап алғаннан кейін КСРО-ны басып алуға бел буды. 1940 жылы 18 желтоқсанда КСРО-ны қысқа мерзімде басып алу мақсатында дайындалған «Барбаросса» жоспарына қол қойды. Бұл жоспар бойынша Германия КСРО-ға қарсы негізінен үш бағытта шабуыл жасап, 8-10 аптада соғысты аяқтау керек болатын. Бірінші бағыт Ленинград, екінші бағыт Мәскеу, үшіншісі Киев қалалары еді. Соғыстың түпкі мақсаты – КСРО-ны жою. 1941 жылы «Барбаросса жоспарын» жүзеге асыру үшін КСРО шекарасына 190 дивизия, оның 153 дивизиясы Германиядан, 5,5 млн адам, 47 мың зенбірек, 4300 танк және 5 мың әскери ұшақ шоғырланған. Мұндай қарулы күшті жинақтау адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған. Кеңес үкіметі Фин соғысынан кейін ғана әскери күштерді қайта құрып, жаңа қару-жарақтармен жабдықтауға кірісе бастаған еді.

Бұл соғыста КСРО-ның әскер қатарында 5,3 млн адам болды. Батыс шекарада 2,7 млн адам, 170 дивизия, 147 танк және 1510 ұшақ, 375 түрлі зенбірек болған. Осы тұста Кеңес Армиясының қатарын тазарту мөн репрессия кең етек алды. 1937-1938 жылдардағы репрессия барысында 40 мың әскер басшысы тұтқындалды.

Жау әскері басып кірген 22 маусым күні Баренц теңізінен Қара теңізге дейін үлкен шайқас басталды. Жау соққысына бірінші болып шекарадағы 485 құрам қарсы тұрды. Олар Белоруссияның батысында орналасқан Брест қаласының қорғанысы кеңес жауынгерлері ерлігінің жарқын мысалы болды. Жан-жақтан түгел қоршауда қалған олар азық-түліксіз, сусыз бір ай неміс-фашист әскерлерінің шабуылынан тежеді. Олар майор П.М.Гаврилов, капитан Зубачев, полк комиссары Е.М.Фомин, қазақстандық Ә.Жұматов пен Е.Фурсовтар еді. Бірақ Кеңес әскерлері кескілескен табанды күрес жүргізе отырып, шегінеу мөжбүр болды.

22 маусым күні күндіз сағат 12.00-де еліміздің барлық радиостанциялары Кеңес үкіметі атынан сөйлеген В.М.Молоотовтың кеңес халқына үндеуін таратты. Үндеуде фашисттік Германияның тосыннан соғыс ашқанын оның түпкі мақсаты кеңес халқын құлдыққа кендіру екенін айтып, «Біздің ісіміз адал жау жеңілуі керек, жеңіс біздікі» деп аяқталды. Елдің батыс бөлігінде соғыс жағдайы енгізілді. КСРО халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) Орталық Комитеті 1941 жылы 29 маусымдағы мәлімдемесінде кеңес халқын еліміздің әрбір сүйем жерін қорғап қалуға, майдандағы әскерлерге жан-жақты көмек ұйымдастыруға шақырып, елдің бүкіл өмірін майдан мүдделеріне бағындыру керек екенін айтты. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген үндеу бүкіл көпұлтты кеңес халқының жауынгерлік ұранына айналды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлім майданға жіберілді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандық болды. Олардың арасында Ф.Жұматов, В.Фурсов, К.Түрдишев, Ш.Шолтыров, Е.К.Иманқұлов, Т.Б. жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті.

1941 жылы 24 маусымда 219 атқыштар полкі Литваның Шауляй қаласында алғаш рет ұрысқа кірісті. Қазақстандықтар жау әскерлерімен Перемишлев, Мурманск, Одесса, Севастополь, Сталинград түбіндегі, Украина, Белоруссия жеріндегі жаңбырлық қарсылығына қарамастан немістер соғыстың бастапқы кезінде үлкен басымдыққа ие болды.

Соғыс жылдарында Кеңес Армиясының қатарына 1 млн 200 мыңнан аса қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да әскери бөлім құрылған. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл көлік, 1,5 мың шынжыр табанды трактор, 110,4 мың жылқы жіберілді.

Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан оралмаған. Бұрынғы Кеңес одағының 27 миллионға жуық адамын жалмаған қандай қырғанда елімізден аттанған 500-ден астам жауынгер 1934 жылы бекітілген ең жоғары Кеңес одағының батыры атанған болатын, оның 100-ден астамы – қазақ.

Қазақстан жауынгерлері кеңес-герман майданының шешуші шайқастарына қатысты. Соғыстың алғашқы сәтінде шекара шебіндегі Брест қорғанысын қорғаушылар қатарында мыңдаған қазақстандық болды. 1941 жылы қыркүйектің аяғында басталған Мәскеу түбіндегі шайқаста генерал И.Панфилов басқарған №316 атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған №1073 гвардияшыл атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. Мәскеуді қорғауда панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері П.Вихров, М.Фабдуллин, автоматшылар Т.Тоқтаров, Р.Амангелдиев ерлік көрсетті. Ал жалпы Ұлы Отан соғысында КСРО 27 миллион адамынан айырылды. 600 мыңға жуық қазақстандық майданда қаза тапты.

Иә, қазір қилы көзек артта қалды, бірақ сұм соғыстың зардабы елі ұмытылған жоқ. Осындай шақта ұрыс даласында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен бабалар ерлігі қашанда ел жадында жаңғыра бермек.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ  
БАСЫЛЫМ

Рәзия Жүсіпова, тыл ардагері:

## Бізде балалық шақ болған жоқ



Бүгінде ауданда 91 тыл ардагері бар. Соның бірі – М.Шәменов ауылының тұрғыны Рәзия Жүсіпова. Ол 1937 жылы дүниеге келген. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл кезеңімен тұспа-тұс келеді. Мереке қарсаңында ерте есейіп, Ұлы Жеңіске үлес қосқан кейіпкерімізбен тілдесу үшін арнайы қарашаңырағына сәлем беріп бардық.

Әжемізден бұрынғы естеліктерін еске түсіріп, балалық шағында көрген қиыншылықтарын айтып беруді өтіндім. Сонда кейіпкеріміз ұзақ ойға шомып, әңгімесін былай бастады.

– Өткерген қиын күндердің бәрі әлі күнге дейін көз алдымда. Мен ес білмейтін соғыстың не екенін білмесем де, ол туралы жиі естітім. Әке-шешем дастарқан басында әңгімелесіп отырып, жылағандарын көріп, «неге жылап жатыр?» екен деп жандарына барсам, соғыс туралы айтып жататын. Әкем «соғысқа мен де кетемін» дегенде анам одан сайын қамығып, «сонда біз мына қыз екеуіміз ғана қаламыз ба?» деп көз жасын көл қылатын. Аналарымыздың көз жасына қарамастан «соғыс басталды» дегеннен өр үйден бір-бір адамнан, тіпті бір үйден 2-3 адамнан соғысқа аттанды. Ауылда тек жасы келген, көзі көрмейтін ер азаматтар, әйелдер мен балалар қалды. Біздің үйден әкем, араға бір апта салып өкемінің інісі, яғни 18 жасар ағам да соғысқа аттанды. Анам тәнертең ерте жұмысқа кетіп, үйге тасқараңғыда қолындағы бір ұс денімен оралатын. Сол бір ұс денді түнімен диірменге тартып, бір күлше нан пісіреді. Бір сиырымыз бар. Анам жұмыстан келгенше ойын баласы болсам да сол сиырды бағып, сауып қоятынмын. Азанда жұмысқа кеткенде анам бір күлше

нанның жартысын өзіне, жартысын маған беріп кешке дейін тағы бір ұс ден әкелуге кететін. Түнімен ұйықтамай қолғап, шұлық тоқитынбыз. Апанан «буны кімге береміз?» десем, әкең мен ағана жібереміз дейтін. Таң атқанша көз ілмей, мылтық атуға ыңғайлы ұс саусақты қолғап тоқидым. Соғыс бітіп, өкем құлағынан жарақат алып оралды. Ағамнан екі-ақ рет хат келді. Кейін ешқандай хабар алмадық, – дейді тыл ардагері.

Ол күндіз қатарластарымен бірге жүргенде күн батып, айналасын қараңғылық басқан. Бір-бірін көрмей әзер тауып қарққаннан сол мандағы бір келеге бас сауғалайды. Әжеміз келеңі саңылауына көз тастап, даланы көрмекші болғанда аспанды жарық жұлдыздар мекендегенін айтады. Сол кездегі үлкендер күннің бұлай тұтылып, мезгілсіз қараңғылық басқанын соғысқа кеткен жас балалардың жазықсыз тігелген қанына теңесе, ал жұлдыздың жарқырап шыққанын соғыстың соңы жақсылықпен бітеді деп болжаған.

Кейіпкеріміздің анасы 13 құрсақ көтерген Алайда еженің бауырларының барлығы нәресте кезінде жаман аурумен ауырып, қайтыс болған екен. Бүгінде ардагер – «Алтын алқа» иегері. 18 жасында Алтынбек Жүсіп тұрмысқа шығып, небәрі 48 жасында жолдасынан айырылып, 8 перзентін өсіріп,

«ұлын уяға, қызың қияға» қондырған. Бүгінде сол балаларынан тараған 30 нөмере, 57 шөбере, 2 шөлшек сүйіп отыр. Ақжаулықты анамыздың кездесіні «Алтын алқа» медалі мен «Еңбек және Тыл ардагері» медалі орын алған.

Ол жас кезінен еңбекке етене араласып, ер-азаматтармен қатар жұмыс істеген. Анамыз жыл өткен сайын шындала түскен. Басына түскен ауыртыпалықты мойымай көтеріп, қиыншылықтарды жеңе білген әжеміз бүгінде ұрпақтарына бағыт-бағдар беріп, оларды Отанына, туған халқына адал еңбек етуге тәрбиелеуде.

Ол бүгінде дейін ауылдық «Әжелер» ансамблінде 15 жыл өнер көрсетіп, облыстық шараларға дейін белсене қатысқан. Мұнан бөлек ауылда төрбиелік бағытта ақжаулықты ананың қатысуымен жастармен тағымдылық кездесулер мен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Бүгінде асыл әже кенже ұлы Бауыржанның қолында нөмерешегерлерінің қызығын көріп, бақуатты гұмыр кешуде.

Ел еңсініп тіктеуде еңбек еткен ардагер қашанда сый-құрметке лайық. Уақыт өткен сайын олардың ерен еңбегі еселеніп, жастарға насихаттала бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелініп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Көзкежазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмере 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 714